

## Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округінің Сүйіндік қыстағы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 тамызда № 4006 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 25.10.2018 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 303 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Тайпақ ауылдық округі әкімі

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округінің Сүйіндік қыстағы аумағында ұсақ малдар арасында жұқпалы эпидидимит ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Тайпақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (З. Н. Гапуова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Тайпақ ауылдық округі әкімі*

*Б. Қдырғужин*